

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

«Есептеу ғылымдары, жасанды интеллект және цифрлық трансформация» (ICCSAI-DT 2026) Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

«Нархоз университеті» КЕАҚ Цифрлық технологиялар мектебі Сізді 2026 жылдың 30 сәуірінде Алматы қаласында, Нархоз университеті базасында өтетін **«Есептеу ғылымдары, жасанды интеллект және цифрлық трансформация» (ICCSAI-DT 2026)** Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырады.

- **Өткізу форматы:** Гибридті (Офлайн + Онлайн).
- **Конференцияның жұмыс тілдері:** қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияның мақсаты: халықаралық академиялық ынтымақтастықты кеңейту, жасанды интеллект, есептеу ғылымдары және цифрлық трансформация саласындағы ғылыми зерттеулерді ынталандыру. Іс-шара біліммен, ғылыми идеялармен және тәжірибелік шешімдермен алмасу үшін кәсіби алаңға айналмақ.

1. КОНФЕРЕНЦИЯ БАҒЫТТАРЫ (SECTIONS)

Ұсынылатын мақалалар келесі негізгі бағыттардың біріне сәйкес келуі тиіс:

- Жасанды интеллект және тереңдетіп оқыту
- Қолданбалы математика және есептеу әдістері
- Білім берудегі ЖИ және цифрлық оқыту технологиялары
- Цифрлық трансформация және өнеркәсіптік қолданбалар

2. ЖАРИЯЛАНЫМ ЖӘНЕ РЕЦЕНЗИЯЛАУ (ЕКІ ТРЕК)

Барлық мақалалар бағдарламалық комитет мүшелерімен **екі жақты соқыр рецензиялаудан (double-blind peer review)** өтеді. Зерттеулерді уақытылы жариялауды және халықаралық индекстеу талаптарын қамтамасыз ету үшін баспа процесі екі кезеңге (Track) бөлінген:

- **Track 1 (Университет жинағы):** Қабылданған барлық мақалалар (қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде) конференцияда баяндалып, Нархоз университетінің ресми жинағында жарияланады.
- **Track 2 (Халықаралық баспа / Scopus):** Конференция қорытындысы бойынша іріктелген үздік мақала авторларына жұмыстарының кеңейтілген нұсқасын тапсыруға шақыру жіберіледі. Бұл мақалалар (тек ағылшын тілінде) халықаралық академиялық баспаның кітаптар сериясында жарияланып, **Scopus** базасына индекстеуге жіберіледі.

3. МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

- **Түпнұсқалық:** Мақалалар бұрын еш жерде жарияланбаған болуы шарт. Барлық жұмыстар міндетті түрде плагиатқа тексеріледі.
- **Форматтау (LaTeX):** Авторлар мақалаларын міндетті түрде ресми **LaTeX шаблон**ы арқылы рәсімдеуі тиіс.
- **Кеңес:** Бағдарлама орнатпас үшін, шаблонды тегін онлайн редакторына жүктеп, мақаланы тікелей браузерде жазуды ұсынамыз.

4. МАҢЫЗДЫ ДАТАЛАР

Жалпы даталар:

- Мақалаларды қабылдаудың басталуы: **2 ақпан 2026 ж.**
- Арнайы сессия ұсынудың соңғы күні: **15 наурыз 2026 ж.**

Track 1: Конференция және Университет жинағы

- Мақала тапсырудың соңғы күні: **7 сәуір 2026 ж.**
- Қабылданғаны туралы хабарлама: **17 сәуір 2026 ж.**
- Финальды нұсқасын (Camera-Ready) тапсыру: **25 сәуір 2026 ж.**
- **Конференция өтетін күн: 30 сәуір 2026 ж.**

Track 2: Халықаралық баспа сериясы (Scopus Post-Proceedings)

- Кеңейтілген мақалаларды тапсыру: **20 мамыр 2026 ж.**
- Рецензиядан кейінгі қабылдау хабарламасы: **1 маусым 2026 ж.**
- Соңғы финальды нұсқаны (Camera-Ready) тапсыру: **10 маусым 2026 ж.**

Толық ақпарат, тіркелу формасы және безендіру талаптары (шаблон) келесі сілтеме бойынша қолжетімді: <https://en.narxoz.kz/iccsai-dt>

Сіздерді конференцияға мақала авторлары, спикерлер немесе тыңдаушылар ретінде қатысуға шақырамыз.

Қатысуға және ұйымдастыру мәселелеріне қатысты барлық сұрақтар бойынша «Нархоз университеті» КЕАҚ Цифрлық технологиялар мектебіне хабарласыңыз.

✉ E-mail: iccsai-dt@narxoz.kz 📞 Тел.: +7 777 040 99 39 (WhatsApp)